

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

CLIL әдісін биология пәніне кіріктірудің маңызы

ЖАРИЯЛАНДЫ
28.02.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/24797/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Менликулова Парасат Турганбековна

Еліміздің «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» жарлық, «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени саясаты және Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында нақты пәндер қатарына жататын биология, химия, физика информатика пәндері ағылшын тілінде жүргізілуі мақсатқа айналды.

Сондықтан, еліміздің саяси-экономикалық, тарихи әрі мәдени жағдайын ескере отырып, отандық көптілді білім беру жүйесі өзінің үлгісін қалыптастырып үлгерді. Көптілді білім беру жүйесінің механизімін жасап шығару тілдерді оқыту әдістемесін жаңашаландыру үрдісіне жол ашты. Мәселен, коммуникативтік әдіс-тәсілдер, тұлғааралық қарым-қатынас, жалпыеуропалық бағалау әдісі, мәдениетаралық қарым-қатынас диалогы, функционалдық сауаттылық, құзыреттіліктер топтамасы, ақпараттық-коммуникативтік құралдар арқылы тілді оқыту, нәтижеге бағытталған білім, пассивтіден интерактивті білім беру әдісі және т.б. инновациялық түсініктер мен концептілер қазіргі уақытта шетел тілін білетін пән мамандарына жат болмас.

Нақты пәндерді шетел тілінде қалай оқыту әдістемелік мәселелері бойынша шетелдік зерттеушілер CLIL әдісін ұсынып, қазіргі уақытта пән мұғалімдері талқылап, сабақтарында үйлестіріп жатыр.

90 жылдары Еуропада көптілді дамыту саясатының аясында CLIL әдісі әзірленген. Айта кетсек, Венгрияда әр түрлі пәндерді шетел тілінде үйрететін билингвиалық мектептер бар. Ал Болгарияда CLIL әдісін 50 жылға жуық оқу жүйесінде тиімді қолданып келеді. Билингвиалық мектептерде осы әдіс арқылы математика, география, биология, тарих, философия, химия сияқты пәндерді ағылшын, неміс, француз тілінде оқытады. Сонымен қатар бұл әдісті тек қана мектептерде емес, сондай-ақ жоғары оқу

орындарында да кеңінен жүргізіледі. Себебі, белгілі бір кәсіби мамандар мен қатар жан-жақты шетел тілдерді меңгерген мамандарды дайындап шығаруға пәнді кіріктіріп оқыту әдісі көп мүмкіндік береді. Аталмыш әдіс үздіксіз өзгеріс үстіндегі жаһандану заманында оқушыларды және студенттерді бәсекеге қабілеттерінің бір белгісі болып табылатын тілдерді және басқа тілдерде пәндерді игеруді жүзеге асыру үшін әзерленген.

Шетел тілін оқытуда пәндік мазмұндағы ақпарат беру, оқушылардың қызығушылығын қанағаттандырып, шынайы өмірмен байланыстырып оқыту мәселелері жаңа бағдар CLIL әдісінің мән-мағынасын анықтады. «CLIL» ағылшын тілінде Content and Language Integrated Learning немесе пән мен тілді кіріктіріп оқыту деп қарастыруға болады. Кейінгі зерттеулерде мынандай анықтама береді: «CLIL-оқушылардың шетел тілінде лингвистикалық және коммуникативтік дағдылардың қалыптастыруға мүмкіндік беретін дидактикалық әдіс». 1994 жылдан бастап Дэвид Марш және басқа да көптілді білім беруді дамыту бойынша ғылыми зерттеулер жүргізген ғалымдар CLIL әдісін жоба ретінде әзірлеп ұсынды.

1999 жылы профессор Ду Койл CLIL әдісі бойынша сабақтарды жоспарлаудың негізгі және маңызды 4 «С» қағидаларын дамытты. Яғни олар:

1. Content- мазмұн
2. Communication-қарым – қатынас
3. Cognition-таным
4. Culture- мәдениет

CLIL әдісінің қағидалары аясында мазмұн (пәндік мазмұн, пәнаралық байланыс), тіл және таным (сыни тұрғыдан ойлау процесі) ұсынылған. Жоғарыда аталған ұстанымдар CLIL бойынша жүргізілетін сабақтың негізін анықтайды. Мәселен, сабақтың мазмұны пәнаралық байланыс, қарым-қатынас оқушылардың шетел тілі арқылы өз ойын білдіре білуі ол диалог немесе монолог әлде басқа да формада болуы мүмкін. Келесі, таным арқылы ұсынылған тапсырмалар оқушылардың дүниетанымын артырып, әлем тануға құштарлығын кеңейтеді. Соңғысы, мәдениет ұстанымы арқылы қалыптасқан жағдай, әлемдегі жағдаятқа оқушылардың көзқарасын анықтап, өз ойларын жетілдіруге жағдай жасайды.

Бүгінгі таңда үш тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оны жүзеге асыру – ұстаздардың міндеті. Сондықтан да заманауи ұстаздарға тоқтаусыз ізденіс қажет.

Мен жоғарыдағы қағидаларды негізге ала отырып, өз сабақтарымда қолданған әдіс-тәсілдерімді ұсынғалы отырмын.

1. **Текстпен жұмыс.** Read the text. The text is divided into 8 paragraphs. Read only a 1,4,5,6 paragraph and count how many living and non living organisms-текстті оқыңдар. Текс 8 параграфшаларға бөлінген. Соның ішінде 1,4,5,6 параграфшаларды оқып, неше жанды және жансыз ағзалар бар екенін табыңдар.

1.The world is made up of many different things. Some of the things are living and others are non-living. A dog, swing set, car, tree, flowers, and a book are some of the things that make up the world.

2.There are two different kinds of things in the world. One kind is called living things. Living things eat, breathe, grow, move, reproduce and have senses. The other kind is called nonliving things. Nonliving things do not eat, breathe, grow, move and reproduce. They do not have senses.

3.An example of a living thing in the world is a dog. A dog is an animal, and dogs need food, water, space, and shelter. The dog is a living thing. A tree or flower is a plant, and trees and flowers need air, nutrients, water, and sunlight. A flower and tree are also living things. Plants are living things and they need air, nutrients, water, and sunlight. Other living things are animals, and they need food, water, space, and shelter. A dog eats food, breathes in air, and grows from a puppy to a dog. A dog reproduces. Reproduce means to make one of its own kind. A dog also has senses. Senses are seeing, hearing, smelling, tasting, and feeling.

4.Other living things include people, cats, rabbits, bugs, lions, and many others. There are many different kinds of plants, too. Plants can include dandelions, grass, corn, tomatoes and much more.

5.Non-living things include things that do not need food, eat, reproduce, or breathe. A car does not eat or grow. It does not move unless a person is driving it. It does not need air to breathe and it has no sense. It is a non-living thing. A swing set does not use food. A book does not move. The swing set and book do not grow and they do not need air to breathe. They are non-living things. Nonliving things do not need air, food, nutrients, water, sunlight, or shelter. Other non-living things in the world include pencils, rocks, footballs, toys, hats, and many others.

6.One more example of a living thing is a bird. A bird eats seeds or worms. It breathes in air. It comes from an egg and grows. It moves by flying. It lays eggs and reproduces. It smells and sees because it has senses. A bird is a living thing.

7.One more example of a non-living things is a ball. A ball does not eat anything. It does not need to breathe. It never grows. It never moves unless a person throws or rolls it. The ball does not reproduce. It cannot hear or feel and it has no senses. A ball is a non-living thing.

8.In summary, everything in the world is a living thing or a non-living thing. Living things can

be plants which need air, water, nutrients, and sunlight. Living things can be animals which need food, water, space, and shelter. There are living things and nonliving things everywhere. Living things eat, breathe, grow, move, reproduce and have senses. Reproduce means to make one of its own kind. The senses are seeing, hearing, smelling, tasting, and feeling. Nonliving things do not eat, breathe, grow, move and reproduce. They do not have senses. A dog and tree are living things. A book and a car are nonliving things.

Сонымен қатар оқушыларға жауап кілті ұсынылады: Өз қателерін өздері тауып, тексерелі.

Answer key

Paragraph 1-

- 1.dog
- 2.Swing set
- 3.Car
- 4.Tree
- 5.Flower
- 6.book

Paragraph 4-

- 1.people
- 2.Cat
- 3.Rabbit
- 4.Bug
- 5.Lion
- 6.Dandelon
- 7.Grasss
- 8.Corn
- 9.Tomato

Paragraph 5-

- 1.Pensle

2.rock

3.football

4.toy

5.Hat

Paragraph 6-

1.bird

2. Екінші тағы бір әдіс сәйкестендәру-Match

3.Видионы тоқтатып сұрақ қою — Watch the video.Stop video and answer the question.

0:35 What are these ampoules and syringes for?0:43 Why do people get vaccinated?

4. Біреуі артық әдісінде оқушылар суреттерден ерекшеліктерін табады.

What is the difference in birds?From these pictures, find odd-one-out:

Мұндай көрнекі, әрі ойын түрінде берілген әдістер оқушылардың білім алуға және тілді үйренуге ынталандыруы сөзсіз

Қорытындылай келе, CLIL әдісінің мазмұны мен құрылымы ғылыми-педагогикалық зерттеулерді қажет етеді. Себебі, отандық білім беру жүйесінде бұл әдіс инновациялық, жаңа бағыт әрі көптілді білім беру жүйесінің моделі толықтырылып отыруы тиіс деп ойлаймын.

КМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.